

## Қазақстан Республикасының Экология және Биоресурстар министрлігі жөніндегі ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 қараша N 1385. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.23. N 876 қаулысымен. ~P970876

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымдарын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 U952541\_ Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 33, 409-бап) негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі жөніндегі қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі және оның құрылымдық бөлімшелері қызметтерін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету орталық атқарушы органдарды ұстауға республикалық бюджетте көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің Биологиялық ресурстарды қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану жөніндегі бас басқармасы заңды ұйым құқығы бар жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі арнайы уәкілетті мемлекеттік басқару органы болып табылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігіне ведомствоға қарасты ұйымдардың мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану және басқару құқығын иелік ету құқынсыз бере алады.

5. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі Әділет министрлігімен бірлесе отырып, үш айлық мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге де атқарушы органдар екі ай мерзім ішінде осы қаулыға қайшы келетін ведомстволық нормативтік актілерді қайта қарасын және күшін жойсын.

7. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі

және оның жергілікті органдары нормативтік актілерді әзірлегенге дейін өз қызметтерінде, егер олар қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының аумағында бұрын

қолданылып жүрген нұсқаушылық-әдістемелік, нормативті-техникалық және өзге құжаттарды басшылыққа алады.

8. Қазақстан Республикасының кейбір шешімдері қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 14 қарашадағы

N 1385 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар

министрлігі жөніндегі

ЕРЕЖЕ

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының аумағындағы қоршаған табиғи ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалануды бақылауға мемлекеттік ведомстволық басшылық ететін орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі өз құрамына кіретін облыстардың, қалалардың және аудандардың бөлімшелерімен, сондай-ақ осы Ереженің қосымшасына сәйкес ұйымдармен бірлесіп Қазақстан Республикасы аумағындағы қоршаған табиғи ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану үшін бақылаудың бірыңғай мемлекеттік басқару жүйесін құрайды.

3. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің, оның құрылымдық бөлімшелерін, ұйымдарын, "Казмеханообр" қолданбалы экология мемлекеттік ғылыми-өндірістік бірлестігінен, "Атамекен", "Экологиялық курьер" газет редакцияларынан, Кішігірім кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциялардан басқа, орталық аппаратын ұстау, сондай-ақ

орталықтандырылған шараларды жүргізу Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес республикалық бюджеттен және өзге қаржыландыру көздерінен жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Президенттің актілерін, Қазақстан Республикасы Парламенті мен Үкіметінің қаулыларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің және оның аумақтық органдарының өз құзыры шегінде қабылдаған шешімдері Қазақстан Республикасының барлық министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге орталық атқарушы органдары, ұйымдары үшін, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан орындауға міндетті болып табылады.

## 2. Негізгі міндеттері

6. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің негізгі міндеттері мыналар:

қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жасау;

Қазақстан Республикасының экологиялық заң талаптарын, қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғат ресурстарын сақтау саласында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдер мен конференцияларды сақтауына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

табиғат пайдаланудың экономикалық механизмін әзірлеп, жетілдіру; экологиялық білімдерді таратып, экологиялық мәдениет деңгейін арттыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады.

## 3. Функциялары

7. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

қоршаған табиғи орта және табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

қоршаған табиғи ортаны қорғау, табиғат қорғау схемасы, басқа да мемлекеттік, аумақтық-экологиялық бағдарламалар жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеп, оның орындалу барысына бақылау жасайды; мемлекеттік бақылауды мына бөліктерде:

а) мемлекеттік кадастрды жүргізудің және қоршаған табиғи ортаны қорғау

және табиғат ресурстарын пайдалану саласында есепке алудың дұрыстығы;

б) жерді қорғау бойынша шаралар кешенін орындау;

в) су ресурстарын ластаудың алдын алу жөніндегі талаптарды сақтау;

г) су шаруашылық жүйелерін және су қоймаларын, ірі гидротораптарды пайдаланудың ережелерін орындау;

д) өсімдік ресурстарын қорғау мен пайдалану;

е) жануарлар дүниесін қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану;

ж) балық қорларын қорғау және балық шаруашылығын реттеу;

з) ластану көздерінен, оның ішінде жылжымалы, қалдықтарды шығару;

и) судың ауаның, топырақтың ластануына талдамалы бақылау;

к) радиоактивті ластанудың алдын алу;

л) өндірістік қалдықтарды пайдалану, сақтау, тасымалдау, орналастыру және тұтыну, уытты материалдарды, заттар мен қауіпті қалдықтарды шекара арқылы т а с ы м а л д а у ;

м) жер қойнауын барлау, пайдалануға беру және жер қойнауын пайдаланудың өзге де түрлері;

н) пестицидтерді, минералдық тыңайтқыштарды, басқа да химиялық заттар мен биологиялық құралдарды қолдану, сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату н о р м а л а р ы м е н е р е ж е л е р і ;

о) табиғат қорғау мақсаттарына табиғат қорғау және табиғат қаржысын игеру;

п) ерекше қорғалатын табиғат аумақтары мен объектілерінде табиғат қорғау ж ә н е ғы лы ми қ ы з м е т т і ;

р) халықаралық конференциялар мен келісімдердің талаптарын орындау;

с) республиканың өзендерінде, су қоймаларында, басқа да су айдындарында және ішкі теңіз суларында Кішігірім кемелерді дұрыс пайдалануға бақылау жасау және осы кемелердің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету, су айдындарында тәртіп орнату, сондай-ақ қоршаған табиғи ортаны қорғау бөлігінде ұйымдастыруды және жүзеге асырады;

қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі (экологиялық аудитті), оның ішінде жекешелендіру объектілері бойынша, талаптарды нормативті-әдістемелік жағынан қамтамасыз етеді, сондай-ақ мемлекеттік экологиялық сараптаманы:

а) жоспарлау, жоспарлау алдындағы және жобалау алдындағы құжаттамалардың, болжамдар жобаларының, экологиялық және өзге бағдарламалардың, қызметтің негізгі бағыттары тұжырымдамаларының, инвестициялық және жекешелендіру жобаларының, экологиялық қауіпсіздік шартына сәйкес олардың пәніне өндіргіш күштерді дамыту мен орналастырудың б а р л ы қ т ү р л е р і н ;

б) су, орман, жер, өзге де табиғи ресурстарды қорғаудың кешенді схемасы

қ о р ғ а у д ы ;

в) учаскелерді, аумақтарды және объектілерді кешенді экологиялық зерттеу материалдарын;

г) аумақтардың учаскелерін салу (дамыту), арнайы экономикалық аймақтардың және табиғат пайдаланудың ерекше режимі бар немесе шаруашылық қызмет жүргізу аумақтарының бос жоспарларының жобаларын;

д) кәсіпорындарды, объектілерді және кешендерді, үйлер мен ғимараттарды, өсімдік және жануарлар дүниесінің биологиялық негіздемесін және олардың ресурстарын пайдалануға қайта орналастыруға, салуға, қайта құруға, дамытуға және техникамен қайта жарақтандыруға, таратуға техникалық-экономикалық негіздемелерді (есеп айырысуларды) және жобаларды;

е) шаруашылық және өзге қызметті жүзеге асырған кезде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету (оның ішінде радиациялық), қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік-техникалық құжаттамалардың жобасын;

ж) табиғат ресурстарын алуға және пайдалануға және қоршаған табиғи ортаны ластауға рұқсатқа негіз беретін құжаттарды;

з) жаңа техникаға, технологияларға, материалдар мен заттарға, оның ішінде шет елден сатып алынатын заттарға, қойылатын экологиялық талаптарға негіз б е р е т і н қ ұ ж а т т а р д ы ;

и) шаруашылық қызметтің немесе өзге жағдайлардың нәтижесінде пайда болатын аймақтағы экологиялық жағдайды зерттеу материалдарын;

к) қоршаған табиғи ортаның және экожүйенің жай-күйіне жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың ықпал етуі жөніндегі құжаттарды жүзеге асырады; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен объектілер жүйесінің қызметін үйлестіреді, жаңа табиғат резерваттарын жасау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің жүйесіндегі ерекше қорғалатын табиғат аумақтары мен объектілерін басқарады.

Мемлекеттік экологиялық мониторинг пен республикалық экологиялық-ақпараттық жүйені дамыту және жетілдіру жөніндегі жұмысты үйлестіреді, Қазақстан Республикасындағы экологиялық жағдай және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы деректерді қамтитын бірегей мемлекеттік банк қ ұ р а д ы ;

өз құзыры шегінде халықаралық экологиялық ұйымдармен, шет елдік заңды ұйымдармен өзара іс-қимылды ұйымдастырады және жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы қабылдаған келісімдер мен конвенциялар, басқа да экологиялық бағдарламалар мен жобаларды орындау бойынша мемлекетаралық ынтымақтастыққа қатысады;

табиғат пайдаланудың экономикалық механизмін әзірлеп, жетілдіреді, қоршаған табиғи ортаны қорғауды басқарудың нарықтық элементтерін енгізуді қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы құқықтық және нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлеу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырып, жүзеге асырады;

қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары мен болжамдарының жобаларына ұсыныстар әзірлейді;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік экологиялық бақылау қызметінің жұмысына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады және үйлестіреді, қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы қоғамдық ұйымдармен ө з а р а і с - ә р е к е т е т е д і ;

қоршаған табиғи орта жай-күйі және табиғат қорғаудағы атқарылған жұмыстар туралы жыл сайын баяндама әзірлеуді жүзеге асырады;

экологиялық білімдерді таратуды ұйымдастырады, экологиялық проблемаларды шешуге жұртшылықты қатыстыруға жәрдемдеседі;

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі жүйесінің қызметкерлері біліктілігін арттырады, іркіліссіз экологиялық білім жүйесін дамытуға жәрдемдеседі.

#### 4 . Қ ұ қ ы ғ ы

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің м ы н а л а р ғ а :

министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден және басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардан, сондай-ақ лауазымды адамдардан қоршаған табиғи орта мен табиғат ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша мемлекеттік экологиялық саясатты жүзеге асыру үшін қ а ж е т т і а қ п а р а т т а р д ы а л у ғ а ;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық атқарушы органдардың және ұйымдардың басшыларын табиғат қорғау заңдарының талаптарын олардың сақтауы мәселелері бойынша тыңдауға, Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігімен келісім бойынша қоршаған табиғи ортаны қорғау мен табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы есепке алу мен есеп берудің мемлекеттік жүйесінің тәртібі мен қойылатын талапты б е л г і л е у ғ е ;

өз құзыры шеңберінде жауапты адамдарды табиғат қорғауға жауапкершілікке тарту жөніндегі шаралар қолдануға, әкімшілік жауапкершілік туралы істі қарауға

;

шаруашылық және өзге қызметті, оның ішінде жобалауды, салуды, қайта құруды, іске қосуды шектеуге, тоқтата тұруға, тыйым салуға, сондай-ақ табиғат қорғаудың белгіленген талаптарын орындамаған құрылыстар немесе пайдалануға берілетін объектілерді қаржыландыруға;

мемлекеттің атынан табиғат қорғаудың бұзылған заңдары жөнінде сот дауларында талап қоюға және талап қойылған шағым жазуға;

қоршаған табиғи ортаны (жер қойнауынан басқа) үйінділермен, қалдықтармен төгінділерді орналастырумен ластауға, сондай-ақ биологиялық ресурстарды пайдалануға (ормандық және аңшылықтан басқа) рұқсат беруге ж ә н е о н ы ж о ю ғ а ;

мүдделі министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарға арнайы су пайдалануға рұқсат беруге, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша Қазақстан Республикасына экологиялық қауіпті заттарды әкелуге және жекелеген табиғат р е с у р с т а р ы н ә к е т у г е ;

өз құзыры шегінде лауазымды адамдар, заңды ұйымдар мен жеке адамдар үшін, оның ішінде қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша шет ел азаматтары үшін орындауға міндетті болып табылатын нормативті-әдістемелік құжаттамаларды, нұсқаулар мен ережелерді әзірлеп, бекітуге;

жұмыс топтары мен комиссияларын құруға, мемлекеттік экологиялық саясатты жүзеге асыру және табиғат қорғау заңдарының талаптарын орындауға бақылау жасауды іске асыру мақсатында мамандандырылған өндірістік, ақпараттық, талдау, сараптамалық және басқа ұйымдарды қайта құру немесе жою ж ө н і н д е ұ с ы н ы с е н г і з у г е ;

республикалық және жергілікті бюджет қаржысы, шет ел инвестициялары мен кепілдіктері есебіне қаржыландырылатын қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы кешенді сипаттағы ғылыми-зерттеу, жобалау-ізвестіру және басқа жұмыстарға мемлекеттік тапсырысшы болуға;

мемлекеттік кәсіпорындарды, ұйымдарды және лабораторияларды табиғат пайдаланушылардың жеке қаржысы есебінен авариялық жағдай пайда болған жағдайда тексеру және сараптама жүргізу үшін тартуға;

Республикалық қоршаған табиғи қорғау қорының қаржысын белгіленген тәртіппен қалыптастыруға және жұмсауға, қоршаған табиғи ортаны қорғаудың жергілікті қоры қаржысын, табиғат қорғау мақсатына республикалық және жергілікті бюджеттен бөлінетін басқа да қаржыны мақсатты пайдалануға бақылау ж а с а у ғ а құқығы бар .

9. Тікелей мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырушы Қазақстан

Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі жүйесінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен айырым белгілері және бірегей үлгідегі қызметтік куәлігімен қоса пішімді киім-кешекпен камтамасыз етіледі.

## 5. Жұмысты ұйымдастыру

10. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын Министр б а с қ а р а д ы .

### 11. М и н и с т р :

өз құзыры шегінде Қазақстан Республикасының мүддесін халықаралық деңгейде ұсынады, белгіленген тәртіппен қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша халықаралық шарттарға қол қ о я д ы ;

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің қызметіне басшылық жасайды және өзіне жүктелген міндеттерге дербес жауапты б о л а д ы .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына республикалық бюджетті қалыптастыру, сондай-ақ қоршаған табиғи ортаны қорғау мен табиғат ресурстарын пайдалану мәселелері жөніндегі нормативтік актілер жобалары б о й ы н ш а ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і ;

өзінің орынбасарлары арасындағы міндеттерді бөледі;

бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді;

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің орталық аппаратының штаттық кестесін, облыстық экология және биоресурстар басқармаларының құрылымы мен ережесін бекітеді, белгіленген адам саны мен еңбекке ақы төлеу қоры шегінде ынталандырушы сипаттағы үстемелер, сыйақылар мен басқа да төлемдердің мөлшерін белгілейді;

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі жүйесі бойынша есеп беру мен баланстарды бекітеді және қызмет нәтижелері бойынша қажетті ш е ш і м д е р қ а б ы л д а й д ы ;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

облыстардың, Алматы қалалық экология және биоресурстар басқармаларының басшыларын, өз қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының д и р е к т о р л а р ы н ;

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің орталық аппаратының қызметкерлерін, облыстық және Алматы қалалық

экология және биоресурстар басқармалары басшыларының орынбасарларын, облысаралық биоресурстарды қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану жөніндегі инспекциялардың бастықтарын, Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің ғылыми және өндірістік басшылары мен олардың орынбасарларын, ұйымдардың басшыларын лауазымға тағайындайды және б о с а т а д ы ;

орынбасарлары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады, оны министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі лауазымға тағайындайды және б о с а т а д ы ;

қазақстандық және шет елдік заңды ұйымдармен өзара қатынаста Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігін ресми түрде ұсынады;

Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өзге де уәкілеттіктерді жүзеге асырады.

12. Қоршаған табиғи ортаны қорғауға және табиғат ресурстарын пайдалануға мемлекеттік бақылауға басшылық жасау жүктелген Министрдің орынбасары сонымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының табиғат қорғау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы болып табылады, ал Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік экологиялық сараптамашысы - лауазымы бойынша министрліктің тиісті бөлімшесінің басшысы болып табылады.

13. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі жанынан шешімдерін Министрдің бұйрықтары арқылы жүзеге асыратын консультациялық-кеңесу органы - алқасы құрылады. Алқаның дербес құрамын М и н и с т р б е к і т е д і .

14. Қоршаған табиғи ортаны қорғау мәселелерінің проблемаларын қарау мақсатында Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі ғылыми-техникалық кеңес, мемлекеттік экологиялық сараптама кеңесін және басқа кеңестер құрады.

Кеңестер туралы Ережелерді және дербес құрамды Министр бекітеді.

15. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар

министрлігі оған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті беретін ведомстволық бағыныстағы бөлімшелердің мемлекеттік меншігін иелену, пайдалану және басқару құқығын жүзеге асырады, заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының банкілерінде есеп айырысу және басқа шоттары, өз атаулары қазақ және орыс тілінде жазылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі болады.

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар  
министрлігінің жүйесіне кіретін ұйымдардың  
ТІЗБЕСІ

Облыстық экология және биоресурстар басқармалары

Алматы қалалық экология және биоресурстар басқармасы, Алматы  
қаласы

Аудандық және қалалық (облыс орталықтарын қоспағанда) экология  
және биоресурстар басқармалары

"Алтынемел" мемлекеттік ұлттық табиғат паркі

Республикалық арнайы мамандандырылған талдаулық бақылау  
лабораториясы, Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар  
министрлігі жанындағы

"Казмеханобр" қолданбалы экологияның мемлекеттік ғылыми-өндірістік  
бірлестігі, Алматы қаласы

"Атамекен" газетінің редакциясы

"Экологиялық курьер" газетінің редакциясы

Кішігірім кемелер жөніндегі мемлекеттік тексеру.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 14 қарашадағы  
N 1385 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күшін жойған кейбір  
шешімдерінің  
ТІЗБЕСІ

1. "Республикадағы жануарлар дүниесін қорғауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1989 жылғы 29 желтоқсандағы N 422 қаулысы (Қазақ КСР ҚЖ, 1990 ж., N 5, 24-бап).

2. "СССР Балық шаруашылығы министрлігінің балық қорларын қорғау, ұдайы өсіру және балық шаруашылығын реттеу жөніндегі Қазақ және Орал бассейндік басқармаларын (Казахрыбвод және Уралкаспрыбвод) тарату және Қазақстан Республикасы Экология және табиғат пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Балық шаруашылығы айдындарында балық қорларын қорғау мен табиғат пайдалануға бақылау жасау жөніндегі бас басқарманы құру (Казглаврыбохрана) жөніндегі" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 3, 46-бап) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 қаңтардағы N 58 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің ережесі және құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 сәуірдегі N 345 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 16, 255-бап).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің экология және табиғат пайдалану мәселелері бойынша кейбір шешімдерін өзгерту және күшін жойған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 9 қазандағы N 856 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметі шешіміне енгізілетін өзгерістердің 8-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 39, 590-бап).

5. "Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін өзгерту және күшін жойған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 12 қарашадағы N 953 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 44, 648-бап (2-тармақтан басқа)).

6. "Стандарттау, сертификаттау және өлшем бірлігі жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін өзгерту және күшін жойған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 2 шілдедегі N 566 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 26, 321-бап) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2-тармағы.

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысымен бекітілген (Қазақстан

Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-бап) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 8-тармағы.

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер, толықтырулар енгізу және күшін жойған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 520 Р960520\_ қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 18, 151-бап) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1 - тармағы.